



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан-Американдық еркін университеті ақын Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған «Шаханов оқулары» байқауының өтетінін хабарлайды.

Байқаудың мақсаты: іс-шара Қазақстанның Халық жазушысы және ақыны, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналады.

Байқаудың міндеті: көркем әдебиетті, қазақ қаламгерлерінің шығармашылық мұрасын насихаттау, ел бірлігін нығайту және отансүйгіштік сезімге тәрбиелеу, қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнеріне, әдебиеті мен тіліне деген көпшілік ықыласын арттыру, жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту.

Байқаудың шарттары:

- байқауға Өскемен қаласы колледждерінің білім алушылары қатыса алады.

Байқау 2 кезеңнен тұрады.

1-кезеңде қатысушылар ақын Мұхтар Шахановтың бір өлеңін жатқа, мәнерлеп оқулары керек (оқу регламенті 5 минут);

2-кезеңде Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтарға жауап береді.

Байқаудың бағалануы: қазылар алқасы байқауға қатысушылардың өнерін бағалау кезінде олардың көркем мәтінді оқу шеберлігіне, дауыс мәнеріне және тіл тазалығына, мәтінді таңдау талғамына, сахнада өзін-өзі ұстауына, образына және сұраққа толық әрі дұрыс жауап беруіне баса назар аударады.

Байқау қорытындыларын шығару:

I, II, III орын алған қатысушыларға тиісті дәрежедегі дипломдар беріледі. Басқа қатысушыларға сертификаттар табысталады.

Байқаудың уақыты мен өтетін орны:

Байқау 2025 жылдың 14 наурызында М.Горький 76 мекен-жайында орналасқан ҚАЕУ ғимаратында өтеді. Тіркеу уақыты – 9:00, басталу уақыты - 10:00.

Ұсыныс беру мерзімдері:

Байқауға қатысу үшін ұсынысты 2025 жылдың 10 наурызға дейін konkurs_kafu@mail.ru электронды мекен-жайына «Байқауға қатысу бойынша ұсыныс» тақырыбымен жіберу керек.

Өтінімдер редакцияланатын .doc немесе .docx форматтарында жіберіледі. Сканерленген .jpeg немесе .pdf форматтарындағы өтінімдерді жібермеулеріңізді сұраймыз!

Ұйымдастыру комитеті үлгі бойынша ресімделмеген және белгіленген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдерді қарастырмау құқығын өзіне қалдырады.

Байқауды өткізу тәртібі мен шарттарына өзгерістер енгізілген жағдайда, сізге қосымша хабарланатын болады.

Ұсыныс формасы

Оқу орнының атауы _____
Қатысушының толық аты- жөні _____
Дайындайтын жетекшісі _____
Қосымша ақпарат (телефон, e-mail) _____

Байқауға қатысуға ұсыныс жасау байқау шартымен танысу және келісу ретінде қарастырылады. Ұйымдастыру бойынша сұрақтар болған жағдайда 8777-281-99-73 (Гульжан Бакытбековна), 8-705-499-77-20 (Нұрсұлу Кайрдыновна) телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз.

ҚАЕУ Бірінші вице-президенті

Байкенов Ж.Е.